

Н.Н. Хибина¹ *, М.М. Дабылтаева²

¹ «Әлеуметтік және гендерлік зерттеулер» ҒЗИ-ның аға ғылыми қызметкері

² Қоғамдық-гуманитарлық пәндер кафедрасының оқытушысы, әлеуметтік ғылымдар магистр

^{1,2} Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗҰҚПУ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК КЕЛБЕТІ ЖӘНЕ ҚОҒАМДАҒЫ ОРНЫ

Аңдатпа

Мақалада ҚазҰҚПУ түлектерінің әлеуметтік келбеті, жұмысқа, өз елінің өткеніне және бүгінгіне деген көзқарасы, құндылық бағдарлары талданады. Бұл өз кезегінде түлектердің тұрғылықты жері, туған жері, ұлты, қызмет түрі туралы ақпараттар, жасап жатқан кәсіптерінің түрлері, сонымен қатар мансаптық дамуына талдау қажеттілігін туғызды. Зерттеу ауқымы Қазақстанның 14 өңірінен 401 респондентті қамтыды. Сауалнамалар сандық-статистикалық, кездейсоқ іріктеу әдісі арқылы түлектер арасында таратылды. Түлектердің әлеуметтік келбеті SPSS.20 бағдарламасын қолдана отырып жүргізілді. Зерттеу барысында сипаттамалық талдау жасалынды. Зерттеу нәтижелері университет түлектеріне, олардың қазіргі тұрғылықты жерлеріне демографиялық сипаттама бере отырып, мансаптық процесінің іс жүзінде қалай жүзеге асырылатындығын анықтауға және сайып келгенде, түлектердің қазіргі уақытта жүзеге асыратын мансаптық стратегияларын бөлуге мүмкіндік берді.

Түйін сөздер: университет, түлектер, кәсіп түрі, мамандық, мансап, демографиялық сипаттама, педагогикалық білім.

Хибина Н.Н.¹*, Дабылтаева М.М.²

¹ Старший научный сотрудник НИИ «Социальных и гендерных исследований»,

² Преподаватель кафедры общественно-гуманитарных дисциплин, магистр социальных наук

^{1,2} Казахский Национальный женский педагогический университет

г. Алматы, Казахстан

СОЦИАЛЬНЫЙ ПОРТРЕТ И МЕСТО В ОБЩЕСТВЕ ВЫПУСКНИЦ КАЗНАЦЖЕНПУ

Аннотация

В статье анализируется социальный портрет выпускниц КазНацЖенПУ, отношение к работе, прошлому и современности своей страны, ценностные ориентиры. Это, в свою очередь, обусловило необходимость анализа информации о месте жительства, месте рождения, национальности, роде деятельности выпускниц, видах профессий, а также карьерном развитии. Объем исследований охватил 401 респондента из 14 регионов Казахстана. Анкеты распределялись между выпускницами методом количественно-статистической, случайной выборки. Социальный портрет выпускниц проводилась с использованием программы SPSS.20. В ходе исследования был проведен описательный анализ. Результаты исследования позволили определить, каким образом осуществляется карьерный процесс на практике, давая демографическую характеристику выпускницам вузов, их нынешним местам проживания, и, в конечном счете, выделить карьерные стратегии, которые выпускницы реализуют в настоящее время.

Ключевые слова: университет, выпускницы, род занятий, специальность, карьера, демографическая характеристика, педагогическое образование.

N.N. Khibina^{1*}, M.M. Dabyltayeva¹

¹ Senior Researcher at the Research Institute for «Social and Gender Studies»

² Teacher of the Department of Social and Humanitarian Disciplines, Master of Social Sciences

^{1,2} Kazakh national women's teacher training university

Almaty, Kazakhstan

SOCIAL PORTRAIT AND PLACE IN THE SOCIETY OF GRADUATES OF THE KAZAKH NATIONAL WOMEN'S TEACHER TRAINING UNIVERSITY

Abstract

The article analyzes the social portrait of graduates of Kazakh national women's teacher training university, the attitude to the work, past and modernity of their country, value guidelines. This, in turn, led to the need to analyze information about the place of residence, place of birth, nationality, type of activity of graduates, types of professions, as well as career development. The research volume covered 401 respondents from 14 regions of Kazakhstan. Questionnaires were distributed among graduates using a quantitative-statistical, random sampling method. Social portrait of graduates were carried out using the SPSS.20 program. The study included a descriptive analysis. The results of the study allowed us to determine how the career process is carried out in practice, giving a demographic characteristic of University graduates, their current places of residence, and, ultimately, to identify career strategies that graduates are currently implementing.

Keywords: university, graduates, occupation, specialty, career, demographic characteristics, teacher education.

Зерттеулерге талдау жасау негізінде мәселеге кіріспе. Университетті тәмамдау және еңбек нарығына шығу жас маманның өміріндегі маңызды оқиғалардың бірі болып табылады, сол кезде қабылданған шешім болашақ мансапқа және бүкіл өмір жолына әсер етуі мүмкін. Студент, alma-mater-дан (оқыған жері) шыға салысымен, бұрын игерілген жүйеден кетеді және дербес мінез-құлық желісін дамыту қажеттілігіне тап болады. Оның таңдауы және одан әрі әрекеттері, ең алдымен, білім мен құзыреттілік жиынтығымен, оқу жылдарында қалыптасқан дүниетанымымен анықталады. Сондықтан балаларының сәтті болашағына бағытталған талапкерлердің ата-аналары; білім беру мен дамуды жетілдіру жолдарын анықтайтын университеттер; білікті кадрларға қызығушылық танытатын жұмыс берушілер; білім беру саясатын реформалау туралы шешім қабылдайтын мемлекет үшін түлектер туралы, олардың жұмысқа орналасуы, мансаптық өсу мүмкіндіктері жөнінде ақпарат маңызды [1].

Түлектердің жұмысқа орналасу мәселелері тек даярлық сапасымен ғана емес, сонымен қатар жұмыс берушілердің талаптарына, жас мамандардың үміттерінің сәйкес келуіне, еңбек нарығының өңірлік ерекшеліктеріне байланысты. Елордалық қалаларда, Нұр-Сұлтан мен Алматыда өңірлерге қарағанда жоғары оқу орындарының түлектері мамандығы бойынша жұмыс істейді.

"Атамекен" ҚР ҰКП Басқарма төрағасының орынбасары Олжас Ордабаев Facebook-тегі онлайн-конференция барысында: «Қазақстандық еңбек нарығында бәсекелестік айтарлықтай жоғары. «Атамекен» ҰКП 2019 жылдың соңында – 2020 жылдың басында жүргізген зерттеу деректері бойынша жоғары білімі бар мамандарды шығару қажеттіліктен 5,3 есе артық. Біз 600 мың жұмыс берушімен сауалнама жүргіздік, бұл өте маңызды үлгі» – деген мәліметтермен бөлісті [2].

ҚазҰҚПУ Қазақстандағы ескі педагогикалық университеттердің бірі. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты 1944 жылы 15 тамызда құрылған. Оның ашылуына Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің "Қазақ әйел жастары арасынан білікті педагог кадрлар даярлау туралы" № 457 қаулысы негіз болды. Қыздар институты құрылғаннан бастап 76 жыл ішінде оқу ордасын 60 мыңнан астам түлек бітіріп, республикамыздың түкпір-түкпірінде ұстаздық және қоғамдық жұмыстарда, өнер мен мәдениет салаларында жемісті еңбек етуде. Қыздар университеті қазақ аруларының шамшырағына айналған, қазақ халқы сеніп тапсырған мыңдаған жандардың үкілі үміті. Университеттің студенттері жақсы оқумен қатар, әндері және билерімен үлкен сахналарды әуелетіп, спорттық жетістіктерімен әлемді таңғалдыруда. Білікті маман, мықты педагог, ұлт тәрбиелеуші жастар осы парасат мектебінен түлеп ұшады.

Институт түлектері арасында елімізге танымал тұлғалар Социалистік Еңбек ерлері: Р.Б. Нұртазина, Р.Махатова, "Даңқ белгісі" орденінің кавалері, "Қажырлы еңбегі үшін" медалінің иегері, институттың үшінші ректоры А.Ыбыраева, Жоғарғы Кеңестің депутаты Ж.Күленова, қоғам қайраткерлері – Халықты әлеуметтік қорғау министрі болған, Парламент Мәжілісінің үш шақырылымының депутаты З.Қадырова, "Мемлекеттік тілге құрмет" бірлестігінің төрайымы, филология ғылымдарының кандидаты А.Османова,

белгілі қоғам қайраткерлері Ж.Әмірханова, О.Асангазиева, ғалымдар Ү.Сұбханбердина, С.Ұзақбаева, З.Жәкішева, көрнекті ақындар Ә.Беркенова, А.Бақтыгереева, белгілі әдебиет сыншысы Ә.Бөпежанова, әншілер М.Ералиева, Ұ.Айнақұлова, Д.Хамзина және Г.Белғозиева және т.б.

Қазіргі таңда ҚР Білім және ғылым министрлігі жанындағы Ұлттық аккредиттеу орталығы жүзеге асыратын рейтинг нәтижелері бойынша университет 2006 жылдан бастап педагогикалық оқу орындары арасында құрметті екінші орынды иеленді. Бүгінде университетте 700-ден астам жоғары білікті профессор-оқытушылар құрамы жұмыс істейді.

Қазақстанда педагог кадрларды даярлау проблемасының өзектілігі жан-жақты ғылыми талдау мен зерттеудің мәні болып табылады. Қоғамның үдемелі дамуында педагогтың рөлі жастарды тәрбиелеп, үлкендердің ісін жалғастыратын, бірақ қоғам дамуының неғұрлым жоғары деңгейінде ұрпақ қалыптастырғандықтан маңызды. Сондықтан, белгілі бір дәрежеде педагог қоғамның болашағын, оның ғылымы мен мәдениетінің болашағын қалыптастырады деп айта аламыз.

Бұл жұмыс Алматы қаласындағы ҚазҰҚПУ түлектерін зерттеу негізінде еңбек нарығына шығуға байланысты түлектердің мінез-құлық ерекшеліктерін қарастырады. Университет жанындағы «Әлеуметтік және гендерлік зерттеулер» ҒЗИ қызметкерлері әртүрлі жылдар мен оқу нысандарының түлектеріне бірқатар сауалнамалар жүргізді, олардың нәтижелері бойынша еңбек қызметінің басталуымен байланысты негізгі мансаптық стратегияларды анықтауға әрекет жасалды.

Мансап стратегиясы әртүрлі деңгейдегі және мағыналардағы көптеген факторлардың әсерімен қалыптасады. Біқтимал стратегиялардың жиынтығы белгілі бір қоғам мен аймақтың нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайымен, адамның тікелей әлеуметтік ортасымен және оның жеке қасиеттері мен артықшылықтарымен анықталады. ҚазҰҚПУ-нің мысалында түлектердің мансаптық өсуіне әсер ететін факторларды анықтау үшін біз олардың географиялық орналасқан жерлерін анықтап алуды жөн көрдік. Зерттеу барысында университет түлектерінің мансаптық стратегияларына талдау жүргізілді.

Зерттеудің мақсаты университет түлектерінің жұмысқа орналасуы, мансап бойынша мәртебеге көтерілуі, өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруы жайлы мәліметтер арқылы әлеуметтік келбетті анықтау, бітірушілердің қоғамға қосқан үлесін айқындау, аталған оқу орны туралы жалпы көзқарастары мен ұсыныстарын білу. Негізгі мақсатты топ ҚазҰҚПУ-нің түлектері [3, 5 б.].

Әдебиеттерді шолу. Білім және еңбек – тұлғаны әлеуметтендірудің маңызды саласы болып табылады. Өкінішке орай, тәжірибе көрсеткендей, мамандарды даярлау нақты өңірдің экономикасының қажеттіліктерін ескере отырып жүргізіледі, бұл жұмыссыз түлектер санының өсуін білдіреді [4, 8 б.]. Мұның бәрі, әрине, нақты өңірдегі немесе елдің студенттік жастарының көші-қон ниеті мен көші-қон мінез-құлқына әсер етеді.

Көптеген зерттеулерде әлеуметтік сауалнамалардың деректері негізінде жекелеген өңірлердегі жоғары оқу орындары түлектерінің [5, 21 б.] немесе нақты мамандықтар алған жас мамандардың демографиялық ниеттері талданады [6, 186 б.].

Демографиялық мәселелерді зерттеудегі маңызды кезең 1980 жылдардың ортасында Л.Л. Рыбаковский [7, 162 б.] мен В.Д. Шапирының [8, 75 б.] "демографиялық мінез-құлықты әлеуметтанулық зерттеу әдістемесі" брошюраларының, сондай-ақ "әлеуметтік демография мәселелері", "Кенес Одағының оңтүстік аймақтарындағы көші-қон мінез-құлқының ерекшеліктері", "демографиялық мінез-құлық: әлеуметтанулық зерттеу тәжірибесі" монографияларының шығуы болды.

Түлектердің кейінгі көші-қонын зерттеудің шетелдік тәжірибесі өте кең және әртүрлі мәліметтерге негізделген. ЖОО-дың өңірлік экономикаға ықпалын кеңінен зерделеу және адами капиталды қалыптастыру тұрғысынан түлектердің көші-қон өмірбаяны мен "траекториясы" зерделенеді, ал білім алуға арналған көші-қон бірыңғай процестің буыны ретінде қарастырылады [9, 138 б.]. Зерттеуде детерминанттар [10, 210 б.] мен кейінгі көші-қонның себептерін [11, 62 б.] зерделеу жеке орын алады.

Р. Rérat мақаласында жоғары білімнен кейін еңбек нарығына көшу кезінде орын алатын көші-қон мәселелері қарастырылады. Автор Швейцария мысалында түлектердің университеттен кейін туған ауылдық аймағына оралмауының себептеріне талдау жасаған. Ішкі көші-қон туралы әдебиетте айқындалған тетіктерді негізге ала отырып, автор көші-қонды таңдауды утилитарлық (жұмысқа орналасу мүмкіндігі), есептік (қаржылық элементтер), аффективті (әлеуметтік және махаббат өмірі) және сезімтал (жайлы тұрғын үй) төрт логиканың үйлесімі ретінде тұжырымдауды ұсынды. Түлектер хабарлаған уәждерді талдау көші-қон туралы шешімдерді бір өлшемге (жұмысқа орналасу мүмкіндігі орталық болғанымен) жеткізуге болмайтынын және олар әртүрлі (тіпті біртекті топтың ішінде), сондай-ақ көптеген шектеулерге байланысты екенін көрсетеді [12, 272 б.].

G. Buchenrieder, T. Dufhues, J. Möllers, D. Runschke және G. Sagyndykova ауылдық жерлерден шыққан студенттер арасындағы көші-қонның себептерін зерттеген (Солтүстік Қазақстанның Ақмола облысы). Авторлардың пікірінше, экономикалық емес және экономикалық себептер елге қайту ниетін қалыптастыру үшін бірдей маңызды. Ірі қалаларда оқытандармен салыстырғанда, кішігірім қалаларда оқытын студенттер жиі оралғысы келеді. Олар сонымен қатар, этникалық тұрғыдан қайту ниетіндегі үлкен айырмашылықты байқаған [13, 2 б.].

А. В. Меренков, Д. Г. Сандлер, В. С. Шавриннің пікірлерінше бүгінгі таңда жастарды жұмыспен қамтуға байланысты бірқатар проблемалар бар. Бұл проблемалар әлеуметтік, экономикалық, технологиялық, көші-қон себептеріне, еңбек нарығы құрылымының және қазіргі адам өмірінің барлық салаларының тез өзгеруіне байланысты. Жастарды жұмысқа орналастыру мәселесін шешу кезінде олардың құндылық-ынталандыру қондырғылары өзгеше болады – дейді авторлар [14, 121 б.].

Э.Ф. Зеер, В.С. Третьякова, В.И. Мирошниченконың көзқарасы бойынша постиндустриалды әлеуметтік-экономикалық құрылымға және ақпараттық қоғамға көшу әлемдік кеңістікке тән білім дағдарысын тудырды. Жоғары технологиялардың қарқынды дамуы және білімнің тез ескіруі кәсіптердің өмірлік циклін едәуір қысқартты және жұмыспен қамту саласында терең құрылымдық өзгерістер туғызды. Авторлардың пікірінше, білім беру міндеттерін шешу педагогтарды сапалы даярлаудан басталады, өйткені білім беру ұйымының болашақ түлектерінің сапасы ең алдымен педагогтардың құзыреттілік деңгейіне байланысты болады [15, 114 б.].

Ю.В. Яровых: «Мансаптық өсу, егер қызметкер кәсіпқойлықтың келесі сатысына өту үшін және тиісінше жауапкершіліктің неғұрлым жоғары деңгейіне шығу үшін барлық жаңа құзыреттерді иеленуге ұмтылатын болса ғана мүмкін болады. Педагогтың өзін-өзі жетілдіруге, әлеуметтің өзгермелі жағдайларына бейімделуге, тұрақты өздігінен білім алуға ұмтылуы мансаптық өсуге ықпал етуі мүмкін. Өз кезегінде, бұл қызметкерлерден өзін-өзі дамыту қабілетін талап етеді және ол өзін тиісті деңгейде ұстап қана қоймай, сонымен қатар бәсекеге қабілеттілігін арттыратындай көрінуі керек. Өйткені, педагогикалық қызмет - бұл бүкіл қоғам үшін маңызы бар және мұғалімдерден жүйелі және үздіксіз білім алу нәтижесінде алынған және қолдау көрсетілетін терең білім мен ерекше шеберлікті қажет ететін жоғары білікті жұмыс», - деген өз мақаласында [16; 15 б.].

N.R. Вае және T.S. Cho мақалаларында «Жоғары білімі бар әйелдердің мансабын тоқтатуы әйелдердің адами ресурстарын дамыту тұрғысынан айтарлықтай проблемаға айналып отыр. Өз жұмысын тастап, мансабын тоқтатқан әйелдер бала тәрбиесінің немесе отбасындағы рөлінің ауыртпалығы азайған соң жаңа жұмысқа орналасуда қиындықтарға тап болады. Сондықтан әйелдердің тілегенінен, күткенінен немесе білім деңгейінен салыстырмалы түрде төмен қара жұмысты немесе уақытша жұмысты таңдаудан басқа амал жоқ», - деген тұжырымдама келген [17, б.175].

С.А. Ирсадиев, М.Б. Камзолдаев, Д.Н. Ташибаева, А.Т. Копееваның сараптамалық есептерінде қазақстандық жастардың педагогикалық мамандықты таңдауын ынталандыруға және мұғалімдердің өздерінің кәсіби қызметін жалғастыруға ниеттенуіне әсер ететін факторларды анықтау мақсаты болып табылатын зерттеу нәтижелері ұсынылған. Авторлар есептерінде елдегі мұғалім мамандығының мәртебесін көтеру неғұрлым тұтас көзқарасты талап ететіндігін атап өткен. Зерттеуге қатысушылар педагогикалық кәсіптің төмен мәртебесін қабылдауды бәсекеге қабілетсіз жалақымен, педагогтердің қызметі мен БАҚ-тағы еңбегінің жеткіліксіз жариялануымен, педагогтердің лауазымдық міндеттеріне кірмейтін, балалар мен олардың ата-аналары тарапынан құрметтемеушілік көрсетілетін қызметке тартылуымен байланыстырады. Дегенмен, олар елімізде мамандықтың беделін арттыру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқанын да атап өткен (мысалы, жыл сайын жаңашыл мұғалімдерді көтермелеуге және үздік тәжірибені таратуға мүмкіндік беретін "Үздік педагог" республикалық конкурсы, өңірлік білім басқармалары деңгейінде де түрлі іс-шаралар) [18, 110 б.].

Әдебиеттерді шолу негізінде келесі болжамдар (гипотезалар) ұсынылады:

- Түлектердің әлеуетті көші-қоны "қолайлы өмір сүру деңгейі", "табыс алу мүмкіндігі" және "мәдени орта" сияқты факторларға негізделген;
- мансаптық өсуге ықпал ететін факторлар - педагогтың өзін-өзі жетілдіруі, әлеуметтің өзгермелі жағдайларына бейімделуі, тұрақты өздігінен білім алуға ұмтылуы;
- бәсекеге қабілетсіз жалақы, мұғалімдердің жоғары жүктемесі және педагог кәсібінің әлеуметтік мәртебесінің төмендігі мұғалімдерді жұмыста ұстап қалудың негізгі сын-тегеуріні болып отыр.

Түлектер арасындағы әлеуетті мигранттар туралы ақпарат маңызды, өйткені біріншіден, Қазақстанды жоғары білімді кадрлармен қамтамасыз ету тұрғысынан жоғары білімнің тиімділігін көруге мүмкіндік береді; екіншіден, сұранысы төмен кәсіптерді анықтау үшін қажет.


Әдіснамасы. Зерттеу аумақтық кездейсоқ іріктеу әдісін пайдалана отырып, эмпирикалық сандық зерттеу арқылы жүргізілді. Сауалнама әлеуетті мақсатты аудитория туралы кең және жан-жақты мәліметтер жинауға мүмкіндік береді. Деректер Қазақстанның 18 қаласынан (респонденттердің туған қаласы), 12 ауданынан (респонденттердің тұрғылықты ауданы) және ТМД елдерінің 25 қаласынан (туған жері) жиналды. Жобаны жүзеге асыру барысында сауалнама ҚР барлық облыстары мен Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарының ПОҚ, жалпы білім беретін орта мектептердің мұғалімдері және балабақша тәрбиешілері арасында жүргізілді. Аймақтардағы түлектермен сауалнама жүргізу, алғашқы байланыс орнату «Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру мен мансап» бөліміндегі университет түлектерінің базасынан алынды. Сауалнама жүргізу далалық (полевой) және қашықтықтан (респонденттермен телефон арқылы байланысқа шығып, сауалнаманың электронды нұсқасын жіберіп, кері байланыс орнатылып отырды) сауалнама алу арқылы жүзеге асырылды. Жалпы алғанда, одан әрі талдау үшін жауаптардың жалпы жиілігі 60% болатын 677 таратылған 401 дұрыс толтырылған сауалнама қолданылды. Алынған мәліметтер SPSS.20 аналитикалық бағдарламалық жасақтамасымен талданып, сенімділігі тексерілді. Зерттеу барысында сипаттамалық талдау жасалынды.

Нәтижелер және талқылау. Университет түлектерінің әлеуметтік келбетін зерттеу (2019-2020 жж.) үш кезеңнен тұрды: ҚазҰҚПУ түлектеріне статистикалық талдау жасау (демографиялық көрініс); түлектердің мансаптық сипаттамаларын эмпирикалық зерттеу және түлектердің кәсіптік сипаттамаларына қанағаттануын зерделеу.

Демографиялық сипаттама бөлімінде біз түрлі үлгідегі мансапқа бағдарланған әйелдердің жеке басының әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларын сипаттауға және талдауға тырыстық. Өртүрлі үстем мансаптық бағдарлары бар тұлғаның әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларын зерделеу кәсіби бағдарлау көмегі мен мансаптық тьюторинг бағыттарын әзірлеу үшін маңызды негіз бола алады. Сонымен қатар, алынған ақпарат мансаптық бағдар құбылысы туралы қолда бар зерттеулерді толықтырады.

Демографиялық сипаттама бөлімін зерттеу барысында ҚазҰҚПУ түлектерінің дербес деректері қаралады. Мәліметтер тұрғылықты жерлері, туған жерлері, ұлты туралы ақпараттардан тұрады. Зерттеуге әртүрлі қалалардан Қазақстанның 14 өңірінен 401 респондент, сонымен қатар көрші республикалардан түлектер қатысты.

Тұрғылықты мекен-жайын анықтауға байланысты қала, облыс, аудан, ауылдық жерлерде мекендеген түлектерімізді анықтау мақсатында респонденттерге «Тұрғылықты мекен-жайыңыз?» - деген сұрақ қойылды. 181 респондент Алматы облысынан екенін көрсетті, 143 респондент тұрғылықты мекен-жайын көрсетпеген, яғни ол сауалнамаға қатысқандардың 35,4%-н құрады (жауаптар анонимді түрде статистикалық тұрғыдан өңделіп, жалпылама түрде қолданылды). Сауалнамаға қатысушылардың арасынан белсенді қатысқан өңірлер: Шымкент қ., Қызылорда қ., Қостанай қ., Атырау қ., Көкшетау қаласынан респонденттер (1-диаграмма). Бұл зерттеу жұмысына Қазақстан Республикасы өңірлерінен және шетелдегі қандас азаматтарымыз да белсенді қатысқаны қуантарлық жағдай, сонымен қатар ол респонденттер түлектеріміздің шетелдердегі әлеуметтік келбетін ішінара сипаттауға мүмкіндік берді. Сауалнама нәтижелері келесі диаграммада көрсетілген (2-диаграмма).



1-диаграмма. Респонденттердің тұрғылықты қаласы

2-диаграмма. Респонденттердің тұрғылықты ауданы


Түлектеріміздің әлеуметтік келбетін құрастыру барысында әрбір түлегіміздің әлеуметтік, экономикалық, психологиялық, кәсіби сипатын жасауда, мәртебесін анықтауда аймақтық ерекшеліктердің маңызы зор. Осыған байланысты туылған облысы, қаласы, аудан, ауылын анықтау зерттеу жұмысының талдауын жасап, әлеуметтік келбетті құрастырудағы өзіндік орны бөлек. Осы мақсатта әрбір түлектің тұрғылықты мекен-жайы, туылған жері, елі, қаласы, ауданы, ауылы жете анықталды.

Бәрімізге белгілі тарихи-саяси жағдайлардың орын алуына байланысты еліміз көп ұлтты мемлекет қатарына жататыны және де барлық ұлт өкілдері бүгінде тату тәтті өмір сүруде.

Еліміздің азаматтарының осы бір ерекшелігін ескере отырып, ҚазҰҚПУ түлектерінің арасында да әртүрлі ұлт өкілдерінен түлектердің кездесетінін ескере отырып, сауалды құрастырдық. Сауалнамаға қатысқан университет түлектерінің ішінде 98% - қазақтар, 0,2% көрсеткішімен өзбек, татар, дүнген, күрт ұлт өкілдерінің азаматшалары түлегіміз екені анықталды.

Жасы бойынша талдаманың нәтижесі сауалнамаға 1930 жылғы түлектерден бастап 1996 жылғы түлектерге дейін қатысқандығын көрсетті (90 жас пен 24 жас аралықтағы түлектер).

Қазіргі таңда респонденттердің кәсібіннің түрлеріне талдау жасауда (*3-диаграмма*) түлектердің басым көпшілігі *кәсіп бойынша жұмыс істейтіндігін* көрсетті. Олардың 3,2%-ы балабақшада тәрбиеші, 34,4%-ы жалпы білім беретін мектепте жұмыс істейді, 3,9%-ы колледжде, 22%-ы университетте жұмыс істейді, 3,7%-ы докторанттар, 1,7%-ы ғылыми қызметкерлер, 7,2%-ы мемлекеттік қызметкерлер, 0,7%-ы кәсіпкерлер, 1%-ы өзін-өзі жұмыспен қамтығандар (қашықтықтан жұмыс), 5,9%-ы зейнеткерлер, 3,5%-ы кітапханашылар, 0,5%-ы әдіскерлер, 0,2%-ы лицей директорлары, 0,5%-ы лаборанттар, 0,5%-ы опера және балет театрының солистері, 0,5%-ы әншілер, мектеп директорының орынбасарлары, менеджер, мәдениет үйлерінің қызметкерлері, азаматтық қызметкерлер, мәдениет және спорт бөлімінің басшылары, 0,2%-ы университетте маман, дефектолог, бағдарламашы (программист), шағын жинақты мектеп директоры - 0,5% және басқа да үй шаруасындағы әйелдер - 0,1%.




3-диаграмма. Кәсіп түрі

«Еңбек өтілі неше жыл, оның ішінде педагогикалық еңбек өтіліңіз неше жыл?» деген сұрақ қойылды және жалпы еңбек өтілімен қоса жалпы педагогикалық өтілін анықтауды да жөн көрдік. Себебі, осы зерттеу жұмысында байқағанымыздай алдыңғы сауалнама жауаптарында кездескендей университет тұлғалары тек педагог қызметін ғана атқармайды. Әр адам өзінің жүрек қалауы, мақсат арманы жетелеген мамандығы бойынша жұмыс жасап, жоспар құрады. Сондықтан да педагогикалық білім алған әрбір тұлға педагог маманы бола алмайтынын ескере отырып, сауалнама барысында мамандық бойынша қызмет еткен мамандарды да анықтауды ескердік. Осы негізде 50-52 жылдан астам педагогикалық өтілі бар мамандар саны 1,4% сәйкес келеді, ал 20-25 жыл өтілі бар мамандық бойынша қызмет еткен мамандар сауалнамаға қатысқандардың басым көпшілігін (9,8%) құрады.

Мамандық ол адамның өмір жолында серігі болатын тұтас бір әлем, онда адам өмір сүреді, білімін жетілдіреді, осы әлемді ол өзінің бүкіл өмірі бойы біліп, танып өтеді, бұл әлемнің өзінің кәсіби заңдары, адамгершілік нормалары мен құндылықтары бар. Қандай да бір мамандық адамнан белгілі бір жалпы және арнаулы білімділікті, икемділіктер мен дағдыларды, қасиеттерді талап етеді. Ал кәсіп - еңбек жолының бір түрі, ол адамнан арнайы дайындықты талап етеді, және өмір сүру көзі ретінде де пайдаланылады. Кәсіптің атауы еңбектің сипаты мен мазмұны арқылы, қызметтік функцияларымен, қолданылатын еңбек құралдары мен заттары арқылы анықталады.


Педагогикалық мамандық адамнан еңбекқорлықты талап етеді. Осылайша ерекше сипаттарға ие мұғалім мамандығының әлеуметтік келбетін анықтау мақсатында жүргізілген бұл жобаның мақсаты санқырлы мамандық иесі ұстаздарымыздың, оның ішінде республикамыздағы ұстаздар шеберханасына айналған жетекші оқу орнының тұлғаларын мамандық бойынша өмір жолында алған тәжірибелерін, тағылымдарын зерттеу маңызды.

Қазіргі кезде «ҚазҰҚПУ-де алған мамандығыңыз бойынша жұмыс жасайсыз ба?» деген сауалға респонденттердің 79% - мамандық бойынша жұмыс істеймін, 8% - мамандығым бойынша жұмыс істемеймін, бірақ мамандығыма жақын жұмыс, 4% - басқа салада істеймін, 1% - уақытша жұмыссызбын, 6% - зейнеткермін деп жауап қайтарды, ал респонденттердің 2% - жауап беруден бас тартты. Респонденттердің басым көпшілігі алған мамандықтары бойынша жұмыс істейтіндері анықталды (4-диаграмма).



4-диаграмма. Тұлғалардың мамандық бойынша жұмыс істеуі


Респонденттерге: «Тізімдегі жағдайлардың қайсысы кәсібіңіз бен мансабыңызға кедергі келтірді», - деген сауал қойылды. Бұл сауалдың нәтижесінде байқағанымыз зерттеу жұмысына қатысқан респонденттеріміздің 12,4% - ғылыми дәреженің болмауы кедергі болды деп көрсеткен, мансап жасауды қаламадым деп 18,6% респондент жауап берді, 18,1% көрсеткішпен респонденттер жауап жоқ деп белгілеген. Тіл білмеуім деп - 7,7%, отбасылық жағдайым деп - 9,7%, кедергілер болмады деп - 6,4% респондент жауап берді. Бұл жерден байқағанымыз мансап жасауды қаламау, ғылыми дәреженің болмауы, тіл білмеу, отбасылық жағдай әлі де көп жағдайларда білікті мамандарға кедергі болатынын көрсетіп отыр (5 - диаграмма).



5-диаграмма. Кәсіби тұрғыдан өсуге келтірілген кедергілер

Жаһандану үрдісі мен нарық заманы адамы типінің қалыптасуы үрдісінде өмір сүріп жатқан біздің қоғамдағы азаматтардың санасында кәсіби мансап мәселесі өзекті. Себебі кәсіби мансабы олардың отбасындағы, достарының арасындағы, әріптестері арасындағы беделін, орнын анықтап, кей жағдайларда өмір сүруінің мәніне айналады. Бұл мәселе біздің қоғамымызда бүгінде беделі түсіп бара жатқан ұстаздар қауымы үшін де өзекті. Осы мақсатта респонденттерімізге: «Сіз кәсіби мансабыңыздың дамуына қанағаттанасыз ба?» – деген сауал қойылды.

Респонденттердің 52,2% - толығымен қанағаттанады, 26,5% - негізінен қанағаттанады, 5,9% - көбіне қанағаттанбайды, 6,2% - толығымен қанағаттанбайды, 0,2% - басқасы, 4,2% - жауап беруге қиналды, 4,5% - сұраққа жауап бермеді. Бұл жерде жасалатын қорытынды сауалнамаға қатысқан респонденттердің басым көпшілігі толығымен қанағаттанатынын көрсетті (6-диаграмма).



6-диаграмма. Кәсіби мансаптың дамуына қанағаттанушылық

Қазіргі кезде мамандық таңдау бағыттары әртүрлі, мысалы экономикалық, әлеуметтік, гуманитарлық, қаржылық, кәсіби-педагогикалық және т.б. Бірақ қоғамда бір жетістікке жету оның мамандығын дұрыс таңдауымен анықталады. Қазіргі таңда сұранысқа ие мамандықтар еңбек нарығында және мемлекеттік тапсырысқа ие мамандықтар болып отыр. Көбіне мамандық таңдауда жастар ата-анасының тәжірибесі мен ақылына мән береді. Сондықтан да, түлектерге қойылған сауалнамамыздың келесі сұрағы: «Өз балаларыңызға педагог болуға кеңес берер ме едіңіз?».

Респонденттердің жауабынан, түлектердің жартысынан сәл төмен пайызы, яғни **40,6%-ы** балаларына педагогикалық мамандықты таңдауға кеңес бермейтіндігін айтса, ал педагогикалық мамандықты таңдауға кеңес беретін респонденттер үлесі 31,2% құрады. Сонымен қатар респонденттердің 20,8%-ы бұл сұраққа жауап беру қиын деп санаса, ал 7,4%-ы бұл сұраққа мүлдем жауап бермеді.

Жалпы респонденттердің педагогикалық мамандықты таңдау деңгейі өте төмен деп айта аламыз, өйткені бұл еңбек нарығындағы жұмыс жағдайына байланысты. Бұл жерде мамандықтың сұранысқа ие болуы, кәсіптің жоғары беделіне және жоғары жалақы деңгейіне байланысты болуы мүмкін. Бұл респонденттердің педагогикалық бағыттағы жоғарғы оқу орнының түлектері екендігін ескере отырып, балаларына педагогикалық мамандықтарды таңдауға кеңес бермеу себебі олардың өз кәсіптеріне қанағаттанбауымен байланысты болуы мүмкін.

Материалдық жағдайды (байлықты, жетістікті) субъективті бағалау респонденттің өзін және отбасын қандай әлеуметтік-экономикалық топқа жатқызатынын анықтауға және оның "әлеуметтік жағдайын" түсінуге мүмкіндік береді.

Сауалнама барысында түлектерге: «**Жаңартылған білім беру мазмұнын жүзеге асыруда қандай қиындықтарға тап боласыз?**» - деген сұрақ қойылды. 12,4% - ата-аналар тарапынан түсініспеушілік, 1,7% - мұғалім-ата-аналар-оқушы арасындағы өзара әрекеттестік, 3,0% - оқушылардың жетістігіне бейімделу, 4,5% - оқушының мотивациясына жағдай жасау, 27,2% - қағаз жүзіндегі есептіліктің тым көп болуы, 2,7% - компьютер алдында күнделікті жұмыс, 5,4% - kundelik.kz порталмен жұмыс, 1,5% - оқушылардың өзін-өзі тану, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту процесі, 4,5% - қазіргі заманғы бағалау жүйелері, 1,0% - осы салада жұмыс істемеген, 1,2% - кедергілер жоқ, 0,7% - тізімдегі барлығы деп жауап қайтарған, 1,7% - басқасы, 32,4% - жауап жоқ, - деген.

Бұл нәтижелер педагогикалық кәсіптің төмен мәртебесін қабылдауды бәсекеге қабілетсіз жалақымен, педагогтердің қызметі мен БАҚ-тағы еңбегінің жеткіліксіз жариялануымен, педагогтердің лауазымдық міндеттеріне кірмейтін, балалар мен олардың ата-аналары тарапынан құрметтемеушілік көрсетілетін қызметке тартылуымен байланыстыратын алдыңғы зерттеулерге сәйкес келеді [26].

Бұл жағдайда соңғы зерттеу болжамы (гипотезасы) расталды және қазіргі зерттеулер университет түлектерінің кәсіби сипаттамасын беруде қолданыстағы әдебиеттерді насихаттайды деп қорытынды жасауға болады.

Үй шаруашылығының қаржылық жағдайы туралы сауалнама жүргізу кезінде: "**Өзіңіздің қазіргі қаржылық жағдайыңызды қалай сипаттайсыз?**", - деген сұрақ қойылды, 43,6% - орташа "қанағаттанарлық" деген баға берді, ал әрбір үшінші (32,4%) - "жақсы" деген баға берді. Сонымен қатар, респонденттердің 10,9%-ы "өте жақсы" және 8,4%-ы қанағаттанарлықсыз деп жауап қайтарды, 4,7%-ы жауап беруден қалыс қалды (7-диаграмма).



7-диаграмма. Түлектердің қаржылық жағдайы

Осы көрсеткіштерге қарап отырып, түлектерде қоғамдағы материалдық-әлеуметтік қиындықтардың бар екенін аңғартады. Соңғы жылдары әлеуметтік салаға көп көңіл бөлінуде. Әйтсе де, түлектердің көп пайызы мұғалімдер болғандықтан, ұстаздардың материалдық жағдайын бұдан гөрі де жақсарту түсуге бағытталған нақтылы шаралар іске асырылуы қажет.

Отбасындағы материалдық жағдайды бағалауға көбіне қоғамда қабылданған әл-ауқат нормалары әсер етеді, ал субъективті бағалау негізі – белгілі бір ортаға тән өмір салтын жүргізуге мүмкіндік беретін табыс көздеріне байланысты.

Қорытынды. Жалпы, біздің зерттеуіміздің нәтижелері және оларды отандық және шетелдік деректермен салыстыру университет түлектерінің әлеуметтік келбетіне қатысты мынадай қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

Адамның жетістікке жетуі мен шығармашылық табысы мамандықты анықтау және таңдаумен байланысты. Бүгінгі таңда өзекті мамандықтарға еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие және мемлекеттік тапсырысқа сай мамандықтар жатады.

Университет түлектері кейінгі көші-қон қозғалысында әлеуметтік (рөлдік) және экономикалық (инвестициялық) жоспардың жетістіктеріне бағдарланады.

Түлектер жүзеге асыратын мансаптық стратегиялар еңбек мәртебесі мен еңбек нәтижелеріне қанағаттану тұрғысынан өте тиімді деп қорытынды жасауға болады.

Сонымен қатар түлектердің мансаптарын қалыптастыру мен іске асыруға көптеген психологиялық және педагогикалық факторлар әсер етеді. Біріншіден, адамға тікелей байланысты факторлар. Бұл адамның қабілеттері мен мүдделері, мотивация, рөлдер мен мәртебелердің өзгеруі туралы шешім қабылдау, әлеуметтену ерекшеліктері және т.б. Мансаптық жетістікке жетуге кедергі келтіретін жеке факторлар: қажетті кәсіби маңызды қасиеттердің болмауы, мотивацияның төмендігі, батылсыздық, алаңдаушылықтың тым жоғары болуы, сәтсіздіктерден аулақ болуға бағдарлау, утилитарлық мотивтер болуы мүмкін. Екіншіден, адамның айналасындағы адамдармен өзара әрекеттесуіне байланысты факторлар. Бұл бөгде адамдардың екінші адамның кәсіби мансабына әсері (ата-аналар, достар, әріптестер, менеджерлер), сондай-ақ ұйымдық құрылымның ерекшелігі, ұйымның миссиясы мен мақсаттары, ұйымның түрі, байланыс жүйесі.

Мансапты жоспарлау мен іске асырудың басты міндеті - кәсіби және ұйымшылдық мансаптардың өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету. Мансапты жоспарлау болашақ маманның кәсіби даму мақсаттарын және оларға қол жеткізуге әкелетін, университетте кәсіби дайындық процесінде жүзеге асырылуы мүмкін жолдарды анықтаудан тұрады. Мансапты дамыту адамның кәсіби жоспарын жүзеге асыру үшін жасайтын әрекеттеріне байланысты. Осы тұрғыда жас адамға өзінің кәсіби жоспарларын түсінуге, өз қабілеттерін қандай да бір қызметті жүзеге асыру үшін қажетті кәсіби қасиеттермен сәйкестендіруге көмек қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Еремина А.В., Зороастрова И.В. Выпускники вузов: стратегии карьерного старта // Экономика труда (60) УЭКС, 12/2013.

2. https://baigenews.kz/news/chislo_vypusnikov_vuzov_prevyshaet_kadrovye_potrebnosti_rabotodateley_ka_zakhstana/

3. П 84Профессия и призвание педагога: социальный портрет выпускниц КазНацЖенПУ. Электронный учебник / Издательство «Қазақ университеті».- Алматы: КазНацЖенПУ, 2020. – 86 с.

4. Капезина Т.Т. Вторичная занятость студентов (на материалах вузов г. Пензы). Автореф. Дисс. на соиск. Уч. степ. к.социолог.наук. Пенза, 2003. – 23 с.

5. Горбачева Е.А. Миграционное поведение студенческой молодежи: теория и практика / Горбачева Е.А.; Российская акад. наук, ин-т социально-политических исслед. – Москва: Ин-т социально-политических исслед. РАН, 2006. – 40 с.

6. Зубков В.В. Жизненные планы и миграционный потенциал выпускников дальневосточных вузов: социологический подход // Власть и управление на востоке России. Дальневосточный институт управления - филиал Федерального государственного бюджетного образовательного учреждения высшего профессионального образования "Российская академия народного хозяйства и государственной службы при Президенте Российской Федерации" (Хабаровск). Номер: 4 (61) Год: 2012. – С.185-192.

7. Демографические процессы в социалистическом обществе: На прим. европ. стран - членов СЭВ. [Сб. статей] / Под ред. Т.В. Рябушкина, Л.Л. Рыбаковского. – М.: Финансы и статистика, 1981. – 295 с.

8. Рыбаковский, Л.Л., Шапиро, В.Д. Методика социологического изучения демографического поведения. Выпуск 1. Миграционное поведение. – М.: Институт социологических исследований, 1985. – 141 с.

9. Sage J., Evandrou M., & Falkingham J. (2013). Onwards or Homewards? Complex Graduate Migration Pathways, Well-being, and the "Parental Safety Net." *Population, Space and Place*, n/a–n/a. Pages 738–755. doi:10.1002/psp.1793z.

10. Faggian A., & Mccann P. (2009). Universities, Agglomerations and Graduate Human Capital Mobility. *Tijdschrift Voor Economische En Sociale Geografie*, 100 (2), 210–223. doi:10.1111/j.1467-9663.2009.00530.x

11. Iammarino S., Marinelli E. Graduate over-education and spatial mobility in Italy // *Graduate Migration and Regional Development: An International Perspective* 26 May 2017, Pages 59-81. Book Chapter.

12. Rérat P.: Migration and post-university transition. Why do university graduates not return to their rural home region? *Geogr. Helv.* 71, 271–282, <https://doi.org/10.5194/gh-71-271-2016>, 2016.

13. Buchenrieder G., Dufhues T., Möllers J., Runschke D., & Sagyndykova G. (2019). Return to the countryside: The return intentions of highly educated young people in the Akmola province of northern Kazakhstan. *Population, Space and Place*. doi:10.1002/psp.2273

14. Меренков А.В., Сандлер Д.Г., Шаврин В.С. Особенности изменений ориентаций выпускников бакалавриата на трудоустройство // *Образование и наука*. 2019 Т. 21, № 10. – С. 116-142. DOI: 10.17853/1994-5639-2019-10-116-142

15. Зеер Э.Ф., Третьякова В.С., Мирошниченко В.И. Стратегические ориентиры подготовки педагогических кадров для системы непрерывного профессионального образования // *Образование и наука*. 2019 Т. 21, № 6. – С.93-121. DOI: <https://doi.org/10.17853/1994-5639-2019-6-93-121>

16. Яровых Ю.В. Карьерный рост педагога: типологизация, проблемы, перспективы. *Вестник ТГПУ (TSPU Bulletin)*. 2014. 5 (146).

17. Bae N.R., Cho T.S. Social welfare policy for reemployment support of career-interrupted women 2019, *Asia Life Sciences Supplement* 20 (1), с. 173-186.

18. Аналитический отчет «Учителя Казахстана: почему молодые люди выбирают эту профессию и что их мотивирует оставаться в ней?»: Ирсадиев С.А., Камзолдаев М.Б., Ташибаева Д.Н., Копеева А.Т. – Астана: Общественное объединение «Центр анализа и стратегии «Белес», 2019. – 126 с.

References:

1. Yemina A.V., Zoroastrova I.V. *Vypuskniki vuzov: strategii kar'yernogo starta // Ekonomika truda* (60) UEkS, 12/2013.

2. https://baigenews.kz/news/chislo_vypusknikov_vuzov_prevyshaet_kadrovye_potrebnosti_rabotodateley_ka_zakhstana/

3. P 84Professiya i prizvaniye pedagoga: sotsial'nyy portret vypusknits KazNatsZhenPU. *Elektronnyy uchebnyk / Izdatel'stvo «Kazak universiteti», / - Almaty: KazNatsZhenPU, 2020. - 86 s.*

4. Капезина Т.Т. *Vtorichnaya zanyatost' studentov (na materialakh vuzov g. Penzy)*. Avtoref. Diss. na soisk. Uch. step. k.sotsiolog.nauk. Penza, 2003. - 23 s.

5. Gorbacheva Ye.A. *Migratsionnoye povedeniye studencheskoy molodezhi: teoriya i praktika* Gorbacheva Ye.A.; Rossiyskaya akad. nauk, in-t sotsial'nykh-politicheskikh problem. - Moskva: In-t sotsial'no-politicheskikh opas. RAN, 2006. - 40 s.

6. Zubkov V.V. *Zhiznennyye plany i migratsionnyy potentsial vypusknikov dal'nevostochnykh vuzov: sotsiologicheskyy podkhod // Vlast' i upravleniye na vostoке Rossii. Dal'nevostochnyy institut upravleniya - filial Federal'nogo gosudarstvennogo byudzhnogo obrazovatel'nogo uchrezhdeniya vysshogo professional'nogo obrazovaniya "Rossiyskaya akademiya narodnogo khozyaystva i gosudarstvennoy sluzhby pri Prezidente Rossiyskoy Federatsii" (Khabarovsk)*. Nomer: 4 (61) God: 2012. - S.185-192.

7. *Demograficheskiye protsessy v sotsialisticheskom obshchestve: Na prim. yevrop. stran - chlenov SEV. [Sb. statey] Pod red. T.V. Ryabushkina, L.L. Rybakovskogo. - M.: Finansy i statistika, 1981. - 295 s.*

8. Rybakovskiy L.L., Shapiro V.D. *Metodika sotsiologicheskogo izucheniya demograficheskogo povedeniya. Vypusk I. Migratsionnoye povedeniye. - M.: Institut sotsiologicheskikh issledovaniy, 1985. - 141 s.*

9. Sage J., Evandrou M., & Falkingham J. (2013). *Onwards or Homewards? Complex Graduate Migration Pathways, Well-being, and the "Parental Safety Net."* *Population, Space and Place*, n/a–n/a. Pages 738–755. doi:10.1002/psp.1793z.

10. Faggian A., & Mccann P. (2009). *Universities, Agglomerations and Graduate Human Capital Mobility. Tijdschrift Voor Economische En Sociale Geografie*, 100 (2), 210–223. doi:10.1111/j.1467-9663.2009.00530.x

11. Iammarino S., Marinelli E. *Graduate over-education and spatial mobility in Italy // Graduate Migration and Regional Development: An International Perspective* 26 May 2017, Pages 59-81. Book Chapter.

12. Rérat P.: *Migration and post-university transition. Why do university graduates not return to their rural home region? Geogr. Helv.* 71, 271–282, <https://doi.org/10.5194/gh-71-271-2016>, 2016.

13. Buchenrieder G., Dufhues T., Möllers J., Runschke D., & Sagyndykova G. (2019). *Return to the countryside: The return intentions of highly educated young people in the Akmola province of northern Kazakhstan. Population, Space and Place*. doi:10.1002/psp.2273

14. Merenkov A.V., Sandler D.G., Shavrin V. S. *Osobennosti izmeneniya oriyentatsii vypusknikov bakalavriata na trudoustroystvo // Obrazovaniye i nauka*. 2019 T. 21, № 10 S. 116–142. DOI: 10.17853 / 1994-5639-2019-10-116-142

15. Zeyer E.F., Tret'yakova V.S., Miroshnichenko V.I. *Strategicheskiye oriyentiry podgotovki pedagogicheskikh kadrov dlya sistemy neprerynogo professional'nogo obrazovaniya // Obrazovaniye i nauka*. 2019 T. 21, № 6. S.93-121. DOI: <https://doi.org/10.17853/1994-5639-2019-6-93-121>

16. Yarovykh YU.V. *Kar'yernyy rost pedagoga: tipologizatsiya, problemy, perspektivy. Vestnik TGPU (Vestnik TGPU)*. 2014. 5 (146).

17. Bae N.R., Cho T.S. Social welfare policy for reemployment support of career-interrupted women 2019, *Asia Life Sciences Supplement* 20 (1), с. 173-186.

18. *Analiticheskiy otchet «Uchitelya Kazakhstana: pochemu molodyye lyudi vybirayut etu professiyu i chto ikh motiviruyet ostavat'sya v ney?»: Irsaliyev S.A., Kamzoldayev M.B., Tashibayeva D.N., Kopeyeva A.T. – Astana: Obshchestvennoye ob"yedineniye «Tsentr analiza i strategii« Beles », 2019. – 126 s.*